

ISSN (Print) 2616-6895
ISSN (Online) 2663-2497

ВЕСТНИК
ЕВРАЗИЙСКОГО
НАЦИОНАЛЬНОГО
УНИВЕРСИТЕТА
ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА

BULLETIN
of
L.N. GUMILYOV
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы
PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series
Серия ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ

№ 4 (125)/2018

1995 жылдан бастап шығады
Founded in 1995
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year
Выходит 4 раза в год

Астана, 2018
Astana, 2018

Бас редакторы
Молдажанова А. А.
п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары (педагогика)	Г.Ж. Менлибекова , п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (психология)	А.Р. Ерментаева , п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (социология)	Н.О. Байғабылов , PhD (Қазақстан)

Редакция алқасы

Иванова Г.П.	п.ғ.д. (Ресей)
Исламова З.М.	п.ғ.к., доцент (Ресей)
Кажғалиева А.	докторант (Қазақстан)
Калдыбаева О.В.	PhD (Қазақстан)
Колева И.	докт. (Болгария)
Сейтқазы П.Б.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Сунарчина М.М.	э.ғ.д., проф. (Ресей)
Толубекова Р.К.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Уразбаева Г.Т.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хан Н.Н.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хаяти Тюфекчиоглу	э.ғ.д., проф. (Түркия)
Шайхисламов Р.Б.	э.ғ.д., проф. (Ресей)
Шалғынбаева Қ.Қ.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сәтпаев к-сі, 2, 408 б.,
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Жауапты хатишы, компьютерде беттеген: Ә. С. Жұматаева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы.
ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы

Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен тіркелген. 27.03.18 ж. № 17001-
Ж -тіркеу куәлігі

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31432)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief
Doctor of Pedagogical Sciences,
Prof.(Kazakhstan)
A.A. Moldazhanova

Deputy Editor-in-Chief (pedagogy) **G.Zh.Menlibekova**, Doctor of Pedagogical Sciences,
Prof. (Kazakhstan)
Deputy Editor-in-Chief (psychology) **A.R. Yermentayeva**, Doctor of Psychological Sciences,
Prof. (Kazakhstan)
Deputy Editor-in-Chief (sociology) **Н.О. Байғабдылов**, PhD (Қазақстан)

Editorial board

Ivanova G.P.	Doctor of Pedagogical Sciences (Russia)
Islamova Z.M.	Can. of Pedagogical. Sciences, Assoc.Prof (Russia)
Kazhgaliyeva A.	Doctoral Candidate (Kazakhstan)
Kaldybayeva O.V.	PhD (Kazakhstan)
Koleva I.	Dr. (Bulgaria)
Seytkazy P.B.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Sunarchina M.M.	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
Toleubekova R.K.	Doctor of Pedagogical Sciences, prof.(Kazakhstan)
Urazbayeva G.T.	Doctor of Pedagogical Sciences, prof. (Kazakhstan)
Khan N.N.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Hayati Tufekcioglu	Doctor of Sociology, Prof. (Turkey)
Shaikhislamov R.B.	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
Shalgynbayeva K.K.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Editorial address:2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008
L.N.Gumilyov Eurasian National University
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Responsible secretary, computer layout: A.S.Zhumatayeva

Bulletin of L.N.Gumilyov Eurasian National University PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No. 17001-Ж from 27.03.18

Periodicity: 4 times a year

Circulation: 35 copies

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31432)

© **L.N.Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор
д.п.н., профессор
А. А. Молдажанова (Казахстан)

Зам. главного редактора (педагогика)	Г.Ж. Менлибекова , д.п.н., проф. (Казахстан)
Зам. главного редактора (психология)	А.Р. Ерментаева , д.пс. наук, проф. (Казахстан)
Зам. главного редактора (социология)	Н.О. Байгабылов , PhD (Казахстан)

Редакционная коллегия

Иванова Г.П.	д.п.н. (Россия)
Исламова З.М.	к.п.н., доцент (Россия)
Кажгалиева А.	докторант (Казахстан)
Калдыбаева О.В.	PhD (Казахстан)
Колева И.	докт. (Болгария)
Сейтказы П.Б.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Сунарчина М.М.	д.с.н., проф. (Россия)
Толубекова Р.К.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Уразбаева Г.Т.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Хан Н.Н.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Хаяти Тюфекчиоглу	д.с.н., проф. (Турция)
Шайхисламов Р.Б.	д.с.н., проф. (Россия)
Шалгынбаева К.К.	д.п.н., проф. (Казахстан)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сагпаева, 2, каб. 408,
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева
Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Ответственный секретарь, компьютерная верстка: А. С. Жуматаева

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева.

Серия: ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ.

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан.

Регистрационное свидетельство № 17001-Ж от 27.03.18 г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31432)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

МАЗМҰНЫ

ПЕДАГОГИКА

<i>Әбелдына Ж.Қ., Әлімқұлова Ә.Ж., Молдумарова Ж.Қ., Молдумарова Ж.Е., Әбелдына Р.К.</i> Динамикалық виртуалды орта оқу сапасын арттыру факторы ретінде	8
<i>Байсалықова Ш.А., Баегизова А.С.</i> ЖОО-ғы білім беру барысында пәнаралық интеграция техникалық ғылым және технологиялар деңгейінде оқу үрдісіне пәнаралық интеграцияның даму тенденциялары	16
<i>Байсарина С.С., Әскербекова А.Е.</i> Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру жолдары	22
<i>Байсарина С.С., Сламбекова Т.С., Боранбаева М.С.</i> Деңгейлеп саралап оқыту технологиясының ерекшеліктері	31
<i>Бурмистрова В.А., Исатаева М.С.</i> Студенттердің оқу және оқудан тыс зерттеу жұмыстарының интеграциялық ерекшеліктері: ғылыми-бағдарланған тәсілдеме	38
<i>Каратаева А.А., Рахимжанова Л.Б.</i> Информатика курсына экономикалық есептерді модельдеуге оқыту технологиясы	47
<i>Көксеген Ә.Е.</i> Информатика пәні бойынша ағылшын тілінде педагогтардың қайта даярлау және біліктілігін артыруға арналған on-line оқу орталығын жасау	56
<i>Нурлыбекова А.Б., Полатова С.Д., Сырлыбаева Э.М.</i> Университетте шетел тілін оқытудағы көптілді топтарда тиімді тәсілдерді қолдану	61
<i>Серік М., Мухамбетова М.Ж., Құлтан Я.</i> «Клиент-сервер технологиясы» курсы бойынша жоғары оқу орнында білім берудің дидактикалық негіздері туралы	68
<i>Туралбаева А.Т.</i> Фасилитациялау біліктілікті арттыру жүйесінің негізгі ұстанымдарының бірі	74
<i>Шалғынбаева Қ.Қ., Махадиева А. К.</i> Отбасындағы модельдің бұзылуы зорлық-зомбылықтың қайнар көзі	81

ПСИХОЛОГИЯ

<i>Ерментаева А.Р., Әубәкірова Ж.Қ., Әуренова М.Д.</i> Студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың рөлі мен маңызы	89
<i>Урузбаева Г.Т., Валиева А.Б., Айтышева А.М.</i> Әлеуметтік саладағы болашақ мамандардың этникалық күзіреттілігі	97

ӘЛЕУМЕТТАНУ

<i>Мәтібаев Т. Б.</i> Әлеуметтік ынтымақтастық: тұжырымдама	102
<i>Накипбаева Ж.А.</i> Жаһандану жағдайындағы әйелдердің халықаралық некелік көші-қоны	108
<i>Тұрсынбаева Б.Ж., Байгабылов Н.О.</i> Экологиялық сананы қалыптастырудың әлеуметтанулық аспектілері	114
<i>Урузбаева Н.А., Мусина К.П.</i> Қазақстанда өнімді жұмыспен қамту және бұқаралық кәсіпкерлікті дамытуды әлеуметтік-экономикалық талдау	121

CONTENTS

PEDAGOGY

<i>Abeldina Zh.K., Alimkulova E.Zh., Moldumarova Zh. K., Moldumarova Zh.E., Abeldina R.K.</i> Dynamic virtual environment as a factor in improving the quality of education	8
<i>Baisalikova Sh.A., Bayegizova A.S.</i> Development trends of interdisciplinary integration in the educational process of the university at the level of technological sciences and technologies ...	16
<i>Baisarina S.S., Askerbekova A.E.</i> Ways of organizing independent work of students	22
<i>Baisarina S.S., Slambekova T.S., Boranbaeva M.S.</i> Features of differentiated learning technologies	31
<i>Burmistrova V.A., Issatayeva M.S.</i> Features of the integration of training and extracurricular research work of students: a science-oriented approach	38
<i>Karatayeva A.A., Rakhimzhanova L.B.</i> Technology for training on modeling of economic tasks in the informatics course	47
<i>Koxegen A.E.</i> Creating on-line center for retraining and qualifications increasing the teachers computer science in English	56
<i>Nurlybekova A.B., Polatova S. D., Sirlibaeva E. M.</i> The usage of effective approaches in teaching a foreign language in the multilingual University groups	61
<i>Serik M., Mukhambetova M., Kultan J.</i> About didactic foundations of teaching in higher education by the client-server technology course	68
<i>Turalbayeva A.T.</i> Facilitation as one of the basic principles of the advanced training system ...	74
<i>Shalgynbayeva K.K., Makhadiyeva A.K.</i> Disruption of the family model as a source of violence	81

PSYCHOLOGY

<i>Yermentayeva A. R., Aubakirova Zh. K., Aurenova M.A.</i> Role and importance of subject-oriented psychological training of students	89
<i>Uruzbayeva G.T., Valiyeva A.B., Aitysheva A.M.</i> Ethnic competence of the future specialist social sphere	97

SOCIOLOGY

<i>Matibaev T.B.</i> Social cooperation: concept and essence	102
<i>Nakipbayeva Zh.</i> International marriage migration of women in globalization conditions	108
<i>Tursynbayeva B.Zh., Baigabylov N.O.</i> Social aspects of the formation of the ecological consciousness	114
<i>Uruzbayeva N.A., Mussina K.P.</i> Socio-economic analysis of the productive employment and mass entrepreneurship development in Kazakhstan	121

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕДАГОГИКА

<i>Абельдина Ж.К., Алимкулова Э.Ж., Молдумарова Ж.К., Молдумарова Ж.Е., Абельдина Р.К.</i> Динамичная виртуальная среда как фактор повышения качества обучения	8
<i>Байсалыкова Ш.А., Баегизова А.С.</i> Тенденции развития междисциплинарной интеграции в образовательном процессе вуза на уровне технологических наук и технологий	16
<i>Байсарина С.С., Аскербекова А.Е.</i> Способы организации самостоятельной работы студентов	22
<i>Байсарина С.С., Сламбекова Т.С., Боранбаева М.С.</i> Особенности дифференцированных технологий обучения	31
<i>Бурмистрова В.А., Исатаева М.С.</i> Особенности интеграции учебной и внеучебной исследовательской работы студентов: научно-ориентированный подход	38
<i>Каратаева А.А., Рахимжанова Л.Б.</i> Технология обучения моделированию экономических задач в курсе информатики	47
<i>Коксеген А. Е.</i> Создание on-line центра по переподготовке и повышения квалификации педагогов информатики на английском языке	56
<i>Нурлыбекова А.Б., Полатова С.Д., Сырлыбаева Э.М.</i> Использование эффективных подходов в обучении иностранному языку в полиязычных группах университета	61
<i>Серик М., Мухамбетова М.Ж., Култан Я.</i> О дидактических основах обучения в вузах по курсу «Клиент-серверные технологии»	68
<i>Туралбаева А.Т.</i> Фасилитация как один из основных принципов системы повышения квалификации	74
<i>Шалгынбаева К.К., Махадиева А. К.</i> Нарушение семейной модели как источник насилия	81

ПСИХОЛОГИЯ

<i>Ерментаева А.Р., Аубакирова Ж.К., Эуренова М.Д.</i> Роль и значение субъектно-ориентированной психологической подготовки студентов	89
<i>Урузбаева Г.Т., Валиева А.Б., Айтышева А.М.</i> Этническая компетентность будущего специалиста социальной сферы	97

СОЦИОЛОГИЯ

<i>Матибаев Т.Б.</i> Социальное сотрудничество: концепция и сущность	102
<i>Накипбаева Ж.А.</i> Международная брачная миграция женщин в условиях глобализации.....	108
<i>Турсынбаева Б.Ж., Байгабылов Н.О.</i> Социальные аспекты формирования экологического сознания	114
<i>Урузбаева Н.А., Мусина К.П.</i> Социально-экономический анализ развития продуктивной занятости и массового предпринимательства в Казахстане	121

ПСИХОЛОГИЯ PSYCHOLOGY



XҒТАР 14.35.07

А.Р. Ерментәева, Ж.Қ. Әубәкірова, М.Д. Әуренова

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Өскемен,
Қазақстан*

(E-mail: erasem@mail.ru, janat-anar@mail.ru, danara-07@mail.ru)

Студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың рөлі мен маңызы

Аннотация. Мақалада теориялық талдау, нақтылау, жалпылап, жүйелеу әдістері арқылы студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындау анықталады және оның мәндік сипаттамасы талданады. Студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың нәтижелері ретінде субъектілік және психологиялық даярлық ажыратылып, жіктеледі. Өз кезегінде субъектілік пен психологиялық даярлық күрделі ықпалдасқан, тұрақты тұлғалық құрылым болатыны анықталады. Жоғары мектептегі оқу-кәсіби іс-әрекетті, қарым-қатынасты, өзіндік даму процесін жетілдіру үшін қажетті болатын психологиялық даярлық деңгейлері студенттердің субъектілік ұстанымына негізделетіні дәйектеледі. Психологиядағы бағдар теориясының негізінде студенттердің субъектілігі мен психологиялық даярлығы арасындағы өзара шарттастық болатыны, олардың бір-бірімен тәуелді, байланысты негізде дамытыны қарастырылады. Студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың психологиялық білім берудегі; мазмұндық құрылымындағы; өзіндік дамуды жүзеге асырудағы; психологиялық даярлықты деңгейлі дамытудағы; субъектілік ұстанымды психологиялық жолмен арттырудағы; т.б. маңызы тағайындалады.

Түйін сөздер: студент, субъект, психологиялық дайындау, субъектілік, психологиялық даярлық.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2018-125-4-89-96>

Кіріспе. Психологиялық дайындаудың мақсаты студенттердің оқу-кәсіби іс-әрекетті, қарым-қатынасты, өзіндік даму процесін жетілдіруі үшін аса маңызды болатын күрделі құрылымды – *психологиялық даярлықты* дамыту болып табылады.

Ал, оқу-кәсіби іс-әрекетті, қарым-қатынасты, өзіндік даму процесін жетілдіру үшін қажетті психологиялық даярлық деңгейлерін студенттердің *субъектілік* ұстанымы анықтайды. Нақтыласақ, психологиялық даярлықтың дамуына студенттердің психологиялық дайындау іс-әрекетіне субъект ретіндегі қатынасы басты шарт болып табылады.

Оған қоса психологиялық жолмен оқу-кәсіби іс-әрекетті, қарым-қатынасты жетілдіру және өзіндік дамудың өзекті болуын қамтамасыз ету *бір тұтас жүйе* ретінде іске асырылады. Бұл жүйе ұйыстырушы құрылым студенттердің субъектілік қасиеті деп санаймыз. Алайда, көптеген зерттеулер, жоғары мектептегі іс-тәжірибе болашақ мамандардың субъект ретінде танылуының өзі мәселе екенін көрсетеді.

Сондықтан *студенттердің психологиялық даярлығын олардың субъектілік ұстанымын дамытумен байланысты қарастыру керек.*

Негізгі бөлім. Субъектілік студенттердің психология бойынша білім меңгеру, жалпы оқу-кәсіби іс-әрекетін, қарым-қатынасты, өзіндік даму процесін жетілдіруге қажетті психологиялық даярлықты дамытуға әлеуетті негіз болады. Біздің зерттеуде психологиялық дайындау арқылы дамитын субъектілік студенттердің өзіне және басқаларға құнды қатынасы арқылы анықталады.

Сонда арнайы ұйымдастырылатын психологиялық дайындау студенттердің психологиялық даярлығы мен субъектілігі бір-бірімен тығыз байланысты құрылымдар ретінде дамуына ахуал ретінде қарастырылады. Осыған орай өз зерттеуімізде студенттерді психологиялық дайындауды субъект-бағдарлы негізде болу керек деп, «*субъект-бағдарлы психологиялық дайындау*» терминін қолданамыз.

Әрине, субъект-бағдарлы психологиялық дайындау мақсат-бағдарлы түрде ұйымдастырылады. Сондықтан ол психологиялық және педагогикалық ғылым жетістіктеріне; студенттердің маман және тұлға ретінде дамуына қойылатын талаптарға; арқау ретінде алынған әдіснамалық қағидаларға; олардың жеке-дара және ұлттық психологиялық ерекшеліктерін ескеруге негізделе отырып іске асырылады.

Кез-келген дамыту процесі сияқты, психологиялық даяр болуды мақсат-бағдарлы түрде дамыту оның субъектілері арасындағы *өзара әрекеттестік* процесі арқылы анықталады. Тіпті өзіндік даму нәтижесі – психологиялық дайындау процесіне қатысушылардың сыйысымды ынтымақтастығының жемісі. Егер оқытушы студенттердің жағдайларын, проблемаларын дер кезінде аңғара алса, олардың сеніміне, абыройға, беделге ие болып, субъект-бағдарлы психологиялық дайындау мақсат-міндеттерінің орындалуына субъект ретінде мүдделі болса, онда өзара әрекеттестік екі жаққа да тиімді болары сөзсіз. Сонда студенттер де *реципроктілік* құбылыс бойынша психологиялық дайындықтың қажеттілігін түсініп, осы бағытта өз тараптарынан белсенділік пен ынталылық танытулары тиіс. Осы субъект-бағдарлы психологиялық дайындау процесін ұйымдастырушы әрі бағыттаушы рөл психология пәні оқытушысының күзіреттілігіне артылады.

Субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың ерекшеліктері оны студенттерге *кәсіби білім беру процесінің толымды, нақты бір жағы, құрамдас бөлігі* ретінде қарастыруға шынайы түрде мүмкіндік береді. Әлбетте кәсіби дайындаудың жалпы процесінен оның өзгеше жақтарын – оқытуды, тәрбиелеуді, дамытуды және психологиялық дайындауды – бөліп алу шартты сипатта: олар бір-бірімен өзара тығыз байланысты, бір-бірін өзара толықтырады және өзара тәуелді болады.

Психологиялық дайындау арқасында студенттердің тұлға, маман ретінде дамуы ерекше текті – *өзіндік дамуға, өзіндік жетілуге* айналуы мүмкін болады. Л.С. Выготский мен С.Л. Рубинштейн ұстанымдары бойынша да дамудың басты детерминанты тұлғаның шығармашылық өзіндік іс-әрекеті мен дербестігі болып табылады. Осы орайда С.Л. Рубинштейн «... субъект шығармашылық өзіндік іс-әрекеті бойынша, өз істері мен актілері арқылы тек танылып қана қоймайды – ол осылар арқылы жасампаз болады және анықталады. Сондықтан әрекеттері арқылы оның қандай екендігін анықтауға болады; іс-әрекетінің бағыты арқылы оның өзін-өзі анықтауы және өзін-өзі қалыптастыруы мүмкін болады», - деп жазған [1, 106].

Субъект-бағдарлы психологиялық дайындау процесін жүзеге асыруда студенттердің оқу-танымдық іс-әрекеттің субъектілері болуына және оқу-кәсіби іс-әрекетте, қарым-қатынаста мәнді болатын психологиялық білімді, дағдылар мен біліктілікті жетілдіруге, өзіндік дамуға бағыт-бағдар жасалады. Сонда психологиялық дайындау процесінде оқыту ғана емес, тәрбиелік және дамытушы мәні бар технологиялар қолданылады. Ал өз кезегінде психологиялық дайындау оқыту, тәрбиелеу және дамыту процестерінің тиімділігін арттыруға ықпал етпей қоймайды.

Сонда, психологиялық дайындау студенттердің субъектілігінің негізінде және кез-келген жағдайда рухани-адамгершілік сипаттағы субъектілік таныту үшін маңызды орасан

болатын күрделі де тұрақты құрылым – психологиялық даяр болу – міндеттеріне сәйкес іске асырылады.

Олай болса, субъект-бағдарлы психологиялық дайындауды студенттердің оқу-кәсіби іс-әрекетті, қарым-қатынасты, өзіндік даму процесін өзіне және басқаларға құнды қатынас ретіндегі субъектілікпен жетілдіруге қажетті психологиялық даярлықты қамтамасыз ету ахуалы деп түсіну керек.

Осы орайда субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың нәтижесі анықталады. Ол ерекше біртұтас құрылым – *студенттердің субъектілігі мен психологиялық даярлығы* болып табылады. Ол студенттердің психологиялық білімдері, дағдылары мен біліктіліктерінің, қабілеттерінің, рухани-адамгершілік қатынаспен анықталатын субъектілік қасиеттерінің тұтас жүйесі болады. Бұл студенттердің оқу-кәсіби іс-әрекетті, қарым-қатынасты, өзіндік даму процесін жетілдіруі, өзін-өзі танытуы эгоцентрлік, басқаларға зардап-залалды емес, тек рухани-адамгершілік негізде дегенді білдіреді. Тек сонда ғана тұлғаның өз қылықтарына, шешімдеріне, сөздеріне, одан соң өз тағдыр-тіршілігіне ғана емес, басқа адамдардың, мемлекеттің, бүкіл қоғам мен әлемнің тағдырына жауапкершілікпен қарауына жағдай жасалады [2, 12].

Әдебиеттерден алынған ақпараттар іс-әрекетке, қарым-қатынасқа, өзіндік дамуға дәлме-дәл психологиялық даярлықтың болуының ең басты шарты – оның тұлға үшін мәнділігі, мақсаттылығы және осыған сәйкес өзекті болуы екенін көрсетеді.

Осыған орай субъектілік пен психологиялық даярлықтың мәнін түсінуде *бағдар* феномені маңызды орын алады. Егер Д.Н. Узнадзе [3], А.С. Прангишвили [4], А.Г. Асмолов [5] тұжырымдамалары бойынша қажеттіліктен туындайтын және объективті жағдаятқа сәйкес индивидтің нақты бір әрекетке мобилизациялану қалпы ретінде анықталатын бағдар орын алмаса, онда әзірліктің де пайда болуы мүмкін емес. Мұнда, бағдар бейсаналық жағдай, іс-әрекетке басты себепші ретінде, ол кез-келген мақсат-бағдарлы іс-әрекеттің құрылымдық бөлігі болып келеді [3, 4].

Осылайша, Д.Н. Узнадзе мен А.С. Прангишвилидің бағдарды субъектінің орындалар іс-әрекетке қатысты жай-күйін қалыпқа келтіретін «тұлғалық жағдайы», оның белгілі бір белсенділік формасына тұрақты бейімділігі деп сипаттауы студенттерді субъектілік тұрғыдан психологиялық дайындау нәтижесін кең мағынада түсінуге және толықтыруға мүмкіндік бермек. Осыған орай студенттердің психологиялық дайындау іс-әрекетін жетілдіруге деген бағыттылығы, әзірлігі ретінде бағдардың пайда болуын қамтамасыз ету қажеттігі алға қойылады. Алайда бұл жеткілікті шарт емес деп санаймыз. Сондықтан, субъектілік пен психологиялық даярлықты тек бағдардан ғана емес, кейбір мінез-құлық үлгілерінен, педагогикалық іс-әрекеттің оңтайлы тәсілдерінен, рефлексия құраушыларынан да тұрады деп қарастырған жөн.

Осы тұста студенттердің оқу-кәсіби іс-әрекетін, қарым-қатынасын, өзіндік дамуын реттеудегі, жетілдірудегі субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың рөлін айқын түсінуге А.Г. Асмоловтың [5, 6] бағдарлық құбылыстарды зерттеу тұжырымы мүмкіндік беретін сияқты. Ол іс-әрекетті бағдарлық реттеудің үш деңгейін бөліп көрсетеді. Мұнда, жетекші рөлді *мағыналық бағдарлар* атқарады. «Мағыналық бағдар белгілі бір бағыттағы іс-әрекетті жүзеге асыруға әзірлігі түрінде тұлғалық мағынаның көріну формасы» болып табылады [5, 322]. Басқаша айтқанда, мағыналық бағдар тұлғалық мағынаға ие болған белгілі бір бағыттағы іс-әрекетті жүзеге асыруға әзірлікті білдіреді. Мағыналық бағдар жүзеге асырылатын іс-әрекеттің жобасы бар әлеуетті формада латентті шегенденуі, сақталуы және сәйкес жағдаятта мінез-құлықтың әлдеқайда тұрақты тәсілдерінің шарты ретінде өзекті бола алуы мүмкін. Сонда, мағыналық бағдар ғана іс-әрекеттің тұрақтылығы мен бағыттылығын, тұлғаның барлық қылықтары мен істерін анықтайды.

Басқаша айтқанда, психологиялық дайындау нәтижесінде субъектілік пен психологиялық даярлықты дамытуға студенттер үшін мағыналық бағдар болуы қажет.

Тек сонда ғана оқу-кәсіби іс-әрекет, басқа адамдармен қарым-қатынас және өзіндік даму процестерін студенттер тұрақты да нақты түрде жетілдіре алады.

Әрекеттің болжамдалған нәтижесінің бейнесі болатын мақсатқа жетуге әзірлік *мақсаттық бағдар* ретінде анықталады [6, 125-126]. Мақсаттық бағдар іс-әрекеттің саналы түрде аңғарылған нәтижесінің, яғни мақсаттың орындалуын жоғары ықтималдықпен және тиімділікпен қамтамасыз ететін нақты жағдайлар мен тәсілдердің толық ашылмаған бейнесі арқылы өзекті болады. Болашақ мақсаттың бейнесі әрекеттерге жалпы бағыт береді. Сондықтан іс-әрекеттің көптеген сипаттамалары мақсаттық әзірліктен тәуелді болады. Осыған орай А.Г. Асмолов мақсаттық әзірліктің мағыналық пен операциялық бағдарларды ықпалдастыратын рөлін көрсетеді [6, 103]. Шынында да студенттердің нәтиже бейнесін мақсат түрінде аңғара алуы іс-әрекет мағынасын мәнді немесе мәнсіз етеді. Осыған байланысты операциялық бағдар да өзгереді. Демек, студенттердің субъектілік пен психологиялық даярлық тұрғысынан дамуға, жетілуге деген мақсаттық бағдарлануы олардың осы психологиялық дайындау іс-әрекетіне, тіпті, жалпы оқу-кәсіби іс-әрекетке, қарым-қатынас саласына, өзіндік дамуына қатынасын өзгертеді, оларды жүзеге асыру мен жетілдіру әдіс-тәсілдерін, құралдарын белсенді іздестіруге түрткі болады. Олай болса, мақсаттық бағдар деңгейі ғана студенттердің психологиялық дайындауға қатысты іс-әрекеттерінің бағытын анықтап, субъектілік пен психологиялық даярлықты қамтамасыз етеді, жетілдіреді.

Сонымен қатар, субъектілік пен психологиялық даярлықтың мақсатқа сай пайда болуы, дамуы үшін А.Г. Асмолов атап көрсеткендей *операциялық бағдар* өзекті болады. Оның анықтауы бойынша, операциялық бағдар – жағдайдың ерекшеліктерін және осыған ұқсас жағдайлардағы мінез-құлық тәжірибесін ескеру арқылы мәселені шешу кезінде әрекеттің белгілі бір тәсілін орындауға қатысты пайда болады [6, 84]. Мұнда операциялық бағдар іс-әрекетті нақты жағдайға байланысты саналы түрде бақылаумен, реттеумен, жетілдірумен шартты болады. Олай болса, операциялық бағдар студенттердің субъектілік пен психологиялық даярлықты жетілдіру бағытындағы іс-әрекетінің нақты жүзеге асырылуы мен одан әрі жетілуін қамтамасыз етеді.

Сонымен, субъектілік пен психологиялық даярлықты мағыналық, мақсаттық және операциялық бағдарлар деңгейінде қарастыру студенттерді психологиялық дайындау іс-әрекетін тиімді етеді. Бұл көзқарас *іс-әрекет құрылымы* [7, 8], *функциональді жүйе* [9], іс-әрекетті жүзеге асыру *алдындағы және барысындағы мүмкіндік* ретіндегі психикалық жағдай [10] туралы түсініктерге сәйкес келеді.

Осыған орай субъект-бағдарлы психологиялық дайындау іс-әрекеті және оның жеке аспектілері *тұлғалық мағынаға* ие болады. Теориялық-әдіснамалық негіздемеге тіректеле отырып, субъект-бағдарлы психологиялық дайындау іс-әрекетіне деген студенттерде *мотивтердің саналы аңғарылуы* мен оның *құрылымының қалыптасу* қисынын алгоритмдік қадаммен көрсетелік: 1) студенттер субъект-бағдарлы психологиялық дайындау іс-әрекетіне қамтылады; 2) субъект-бағдарлы психологиялық дайындау іс-әрекетіне қатысты студенттердің мотиві пайда болады; 3) студенттер үшін субъект-бағдарлы психологиялық дайындау іс-әрекеті тұлғалық мағынаға ие болады; 4) субъект-бағдарлы психологиялық дайындау іс-әрекеті жетіледі; 5) субъект-бағдарлы психологиялық дайындау іс-әрекетінің сапалы және нәтижелі болуына қажеттілік артады; 6) қажеттіліктердің қанағаттандырылуы үшін студенттер субъектілік танытады; 7) студенттер субъектілік пен психологиялық даярлықты дамытуға мүдделі болады.

Субъект-бағдарлы психологиялық дайындау барысында жеке студенттердің *мотивтерінің ықпалдасуы, олардың өзара «қосылуы», «қабаттасуы», сәйкес келуі* маңызды болады. Ол студенттердің психологиялық дайындау іс-әрекетінде ұжым, топ болып белсенділік, қызығушылық танытуын көрсетеді. Соның нәтижесінде *бірыңғай мағыналық өріске* себеп болатын тұлғалық мағыналар басты мақсаттың жалпыға бірдей

жүзеге асуына мүмкіндік жасайды.

Мағыналық бағдар тұжырымдамасы бойынша іс-әрекетке әзірлік деңгейлерінің мазмұндары мен функциялары *саралық сипатқа* ие. Салыстырмалы түрде қарастырғанда әрбір деңгейге *дербестік* тән болады. Мәселен, студенттің психологиялық білімді меңгеруге деген мотивтері әлдеқайда дамыған болса да, ол білімге қойылатын талаптарды, өзінің қабілетін, мүмкіндіктерін дұрыс бағаламауы мүмкін. Демек, мағыналық бағдар операциялық бағдармен аутентті болмай қалуы да ықтимал. Сондай-ақ, студенттің мотивациялық сферасының дамуы бойынша мағыналық әзірлігі жетілсе де, оның психологиялық дайындау іс-әрекет мақсатын айқын аңғара алмауы, түсінбеуі де орын алады. Сонда, аталмыш деңгейлер өзара үйлесімді жетілмесе, оның салдарынан студенттердің психологиялық даярлықты тиімді жүзеге асыруы мен дамуын қамтамасыз етуі аса күрделі мәселе болады. Бұл студенттердің әлеуетті мүмкіндіктерінің мотивациялық, мақсаттық және операциялық деңгей талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге бағытталатын субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың көкейтестігін көрсетеді.

Әдебиетте психологиялық дайындау нәтижесін анықтап, сипаттауда «психологиялық даярлық» және «психологиялық әзірлік» терминдері қолданылады. Психологиялық ғылыми еңбектерде «даярлық/даяр болу» ұғымы тұлғаның оқу, білу дәрежесіне, академиялық білім меңгеру деңгейіне байланысты тұлғалық құрылым ретінде түсініледі. Мұнда психологиялық даярлықты қамтамасыз етуге бағытталған іс-әрекетте психология пәні оқытушысының, психологтің белсенді, бастамашы рөлі басым көрінеді. Енді «әзірлік/әзір тұру» ұғымы меңгерген білімін, дағдысын және біліктілігін тұлғаның қай сәтте де дәлме-дәл жүзеге асыра алу қасиетін, жағдаят кезіндегі оңтайлы жай-күйін, қуатын сипаттайды. Осыған орай белгілі бір жағдаятта, одан тыс кезде де студенттердің субъектілік пен психологиялық даярлықты өзекті етуге мүмкіндік беретін қасиетін субъектілік пен психологиялық әзірлік деп анықтаймыз. Психология ғылымындағы мәселеге орай тұрғыларға арқалана отырып, студенттердің субъектілік пен психологиялық әзірліктері олардың субъектілік пен психологиялық даярлықтарының көрсеткіштері болады. Психологиялық әзірліктің шырқау шыңы Ю.М. Самариннің пікірінше студенттердің жоғары оқу орнын тәмәмдауына және өзбеттерінше дербес іс-әрекетті бастаған кезге сәйкес келуі керек [11, 18].

Субъектілік пен психологиялық даярлық – *орнықты, тұрақты құрылым*. Оның негізінде қажет сәтте студенттердің әрекет етуге әрқашан әзір тұру күйі – психологиялық жолмен өзін-өзі жұмылдыру, өзін-өзі реттеу, өзіне-өзі бағдар беру пайда болады. Бұл үшін студенттердің іс-әрекетті, қарым-қатынасты, өзіндік даму процесін жетілдіруге деген түрткі, ниеті болуы; қойылған міндеттің шарты мен оны шешу тәсілдерін саналы аңғаруы; міндетті орындап шығатынына өзі сенімді болуы және өзін-өзі таныта алуы керек.

Жоғары оқу орындарындағы студенттерді дәстүрлі психологиялық дайындаудан субъект-бағдарлы психологиялық дайындауға өту кәсіби дайындауға қатысты ғылыми зерттеу мен тәжірибе үшін бірқатар маңызды жағдайларды айқындайды:

субъект-бағдарлы психологиялық дайындау психикалық жәйттерді, механизмдер мен заңдылықтарды абстрактілі құбылыс ретінде меңгеру емес, оларды нақты студенттің оқу-кәсіби іс-әрекетін, қарым-қатынасын жетілдіруіне, тұлға, маман ретінде өзіндік дамуына ғылыми негіз болып табылатын «жанды» білім беруге оңтайлы жағдай жасайды;

субъект-бағдарлы психологиялық дайындау мазмұны психология пәні бойынша ғылыми білімдерді, шынайы өмірлік және кәсіби мәнді психологиялық проблемалық жағдаяттарды қамтиды; субъект-бағдарлы психологиялық дайындау құралдары, тәсілдері мен жағдайлары студенттердің субъектілік пен психологиялық даярлық тұрғысынан өзін-өзі тануын, өзін-өзі реттеуін, өзін-өзі дамытуын өзекті етеді;

субъект-бағдарлы психологиялық дайындау студенттердің субъектілік негізде іс-әрекетті, қарым-қатынасты жетілдіруге және өзіндік даму процесін өзекті етуге қажетті психологиялық даярлықты дамытуын басты мақсат ретінде қояды;

субъект-бағдарлы психологиялық дайындау студенттердің психологиялық жолмен іс-әрекетті, қарым-қатынасты жетілдіруге, тұлға, маман ретінде өзіндік дамуға мүмкіндік беретін субъектілікті дамытуға ахуал болады; субъект-бағдарлы психологиялық дайындау студенттердің іс-әрекетін, қарым-қатынасын жетілдіруі, тұлға, маман ретінде өзіндік дамуы олардың бойындағы жеке бір қасиеттің арқасында емес, психологиялық түрлі қасиеттердің жүйе түріндегі тығыз байланысы ғана мүмкіндік беретінін және субъектілік пен психологиялық даярлықты осы орайдағы жүйе ұйыстырушы ретінде негізге алады;

субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың нәтижесі – студенттердің субъектілігі мен психологиялық даярлығы жүйе ұйыстырушы, көпөлшемді, көпдеңгейлі, әлеуметтік және кәсіби тұрғыдан біртұтас дамитын күрделі құрылым ретінде анықталады;

субъект-бағдарлы психологиялық дайындау психологияның өз ішіндегі материалдар арасындағы өзара байланысты, психология салаларының өзара байланысын және жалпы пәнаралық байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайды.

Қорытынды. Сонымен, біздің зерттеулерде жоғары мектептегі психологиялық дайындаудың субъектілік тұрғысы студенттерді психологиялық дайындау парадигмасын мәселеге орай іс-әрекет, қарым-қатынас аясындағы зерттеулермен және субъект психологиясымен ықпалдастыру арқылы жасалды [12, 13, 14]. Мұндағы студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындау қарапайым қосынды емес, бұл зерттеу мақсат-міндеттеріне, қисынына қатысты үйлесіммен ұйысқан тұтастық болып табылады. Аталмыш салалардағы жетістіктерге арқалана отырып субъект-бағдарлы психологиялық дайындау студенттерге психология бойынша білім беру теориясы мен тәжірибесіне қатысты жаңа, тың мәселеге – субъектілік пен психологиялық даярлықты жүйелі дамытуға екпін қояды. Жоғары мектепте студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындау нәтижесінің құрылым бөлшектері болатын психологиялық даярлық пен субъектілік арасындағы өзара тәуелділік, шарттастық орын алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии – СПб.: Питер.Ком. – 1999. – 720 с.
2. Митина Л.М. Психология профессионального развития учителя. – М., 1998. – 200 с.
3. Узнадзе Д.Н. Психологические исследования. – М., 1966. С. 451.
4. Прангишвили А.С. Общая психологическая теория установки // Психологическая наука в СССР. – Т. 1-2. – М., 1960.
5. Асмолов А.Г. Деятельность и установка. – М., 1979. – 151 с.
6. Асмолов А.Г. Психология личности. – М.: МГУ. – 1990. – 367 с.
7. Леонтьев А.Н. Проблемы деятельности в психологии // Вопросы философии.– 1972.– №9. – С.95-109.
8. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Политиздат. – 1975. – 304 с.
9. Анохин П.К. Узловы вопросы теории функциональной системы. – М.: Наука, 1980.
10. Забродин Ю.М. Методологические проблемы исследования и моделирования функциональных состояний человека-оператора // Вопросы кибернетики. Психические состояния и эффективность деятельности. – М., 1983.
11. Самарин Ю.А. Психология студенческого возраста и становление специалиста // Вестник высшей школы. – 1969. – №8. – С.16-21.
12. Ерментаева А.Р. Студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындау: методология, теория, практика. – Алматы, 2008. – 410 б.
13. Ерментаева А.Р. Субъектілікті дамыту психологиясы. - Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2010.-218 б.
14. Ерментаева А.Р. Психологиялық даярлықты жетілдіру. - Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012.

А.Р. Ерментаева, Ж.К. Аубакирова, М.Д. Ауренова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Восточно-Казахстанский государственный университет имени С. Аманжолова,
Усть-Каменогорск, Казахстан

Роль и значение субъектно-ориентированной психологической подготовки студентов

Аннотация: В статье посредством теоретического анализа, конкретизации, обобщения и систематизации определяется субъектно-ориентированная психологическая подготовка студентов, а также анализируется ее сущностная характеристика. Субъектность и психологическая готовность студентов рассматриваются как результаты субъектно-ориентированной психологической подготовки. Также, субъектность и психологическая готовность определяются как сложными, интегрированными, личностными особенностями. Утверждается, что субъектная позиция студентов определяет уровни развития психологической готовности, необходимые для совершенствования учебно-профессиональной деятельности, общения, саморазвития в вузе. Через концептуальные положения установки в психологии обоснуется взаимосвязь, взаимозависимость и взаимообусловленность развития субъектности и психологической готовности студентов.

Ключевые слова: студент, субъект, психологическая подготовка, субъектность, психологическая готовность.

A. R. Yermentayeva, Zh. K. Aubakirova, M.A. Aurenova

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
S. Amanzholov East Kazakhstan State University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

Role and importance of subject-oriented psychological training of students

Abstract: In the article, the subject-oriented psychological preparation of students is determined by theoretical analysis, concretization, generalization and systematization, as well as its essential characteristic is analyzed. Subjectivity and psychological readiness of students are considered as the results of subject-oriented psychological training. Subjectivity and psychological readiness are also defined as complex, integrated, personal characteristics. It is argued that the subjective position of students determines the levels of psychological readiness development, that necessary for the improvement of educational and professional activities, communication, self-development in high school. The relationship, interdependence and interdependence of the development of subjectivity and psychological readiness of students will be substantiated through the conceptual provisions of the installation in psychology.

Keywords: student, subject, psychological preparation, subjective, psychological readiness.

References

1. Rubinshtejn S.L. Osnovy obshhej psihologii [Basics of general psychology]. – (Piter.Kom., SPb, 1999, 720 p).
2. Mitina L.M. Psihologija professional'nogo razvitija uchitelja [Psychology of teacher's professional development] (Moscow, 1998, 200 p).
3. Uznadze D.N. Psihologicheskie issledovanija [Psychological research] (Moscow, 1966, 451 p.).
4. Prangishvili A.S. Obshhaja psihologicheskaja teorija ustanovki [General psychological predisposition theory], Psihologicheskaja nauka v SSSR. – T. 1-2. (Moscow, 1960).
5. Asmolov A.G. Dejatel'nost' i ustanovka [Activity predisposition] (Moscow, 1979. – 151 p).
6. Asmolov A.G. Psihologija lichnosti [Psychology of personality]. – (Moscow, MGU, 1990., – 367 p.
7. Leont'ev A.N. Problemy dejatel'nosti v psihologii [Problems of activity psychology], Voprosy filosofii, (9) pp .95-109 (1972).
8. Leont'ev A.N. Dejatel'nost'. Soznanie. Lichnost' [Activity. Consciousness. Personality]. –

(Politizdat, Moscow, 1975. – 304 p).

9. Anohin P.K. Uzlovye voprosy teorii funkcional'noj sistemy [Key issues of functional system theory]. (Nauka, Moscow, 1980).

10. Zabrodin Ju.M. Metodologicheskie problemy issledovanija i modelirovanija funkcional'nyh sostojanij cheloveka-operatora [Methodological problems of studying operator functional state modeling], Voprosy kibernetiki. Psihicheskie sostojanija i jeffektivnost' dejatel'nosti (Moscow, 1983).

11. Samarin Ju.A. Psihologija studencheskogo vozrasta i stanovlenie specialista [Student psychology and the formation of a specialis], Vestnik vysshej shkoly (8). – 16-21 p. (1969)

12. Ermentaeva A.R. Studentterdi sub#ekt-bardarly psihologijalyk dajyndau: metodologija, teorija, praktika [Subject-oriented psychological preparation of students]. – Almaty, 2008. – 410 b.

13. Ermentaeva A.R. Sub#ektilikti damytu psihologijasy [Developmental psychology of subjectivity]. S.Amanzholov atyndagy ShҚМУ баспасы, Oskemen, 2010, 218 p.

14. Ermentaeva A.R. Psihologijalyk dajarlyқты zhetildiru [Improving psychological preparation] S.Amanzholov atyndagy ShҚМУ баспасы, Oskemen, 2012.

Авторлар туралы мәлімет:

Ermentaeva A.P. - әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының профессоры, психология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш. 6, Астана, Қазақстан.

Aubakirova Zh.K. - әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының қауымдастырылған профессоры, психология ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш. 6, Астана, Қазақстан.

Aurenova M.D. – психология және коррекциялық педагогика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, психология ғылымдарының кандидаты, Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Өскемен, 30-шы Гвардиялық дивизия, 34, Қазақстан

Yermentayeva A.P. - Doctor of Psychology, Professor of the department of social pedagogy and self-cognition, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Str. Yanushkevich 6, Astana, Kazakhstan.

Aubakirova Zh. K. - Candidate of Psychology, Associate Professor of the department of social pedagogy and self-cognition, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Str. Yanushkevich 6, Astana, Kazakhstan.

Aurenova M. D. - Candidate of Psychology, Associate Professor of the department of psychology and correctional pedagogy, S. Amanzholov East Kazakhstan State University, Str.Tridsatoy Gvardeiskoy divizii 34, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan.